

**«Мектепке дейінгі педагогика» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «01120100 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы, 3W01120101 - Тәрбиешінің көмекшісі, 4S01120102 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 5AB01120101 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың қолданбалы бакалавры біліктіліктеріне арналған «Мектепке дейінгі педагогика» пәні бойынша тест

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Педагогиканың жалпы негіздері	01	Педагогикалық қызметтің сипаттамасы
		02	Педагогика ғылым ретінде
		03	Білім берудің заманауи жүйесі
		04	Даму факторлары
		05	Бала – педагогика нысаны
		06	Ерте жастағы бала
02	Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мазмұны мен әдістемесі	07	Тәрбие берудің мақсаты, заңдылықтары, принциптері, міндеттері
		08	Дене тәрбиесі
		09	Адамгершілік тәрбие механизмі, міндеттері
		10	Ақыл-ой тәрбиесі
		11	Эстетикалық тәрбие
		12	Еңбек тәрбиесі.
03	Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту	13	Оқытудың теориялық негіздері
		14	Оқытудың ұйымдастыру нысандары туралы түсінік
		15	Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беруді басқару
04	Ойын арқылы балаларды тәрбиелеу	16	Ойындық қызметтің сипаттамасы. Балалар ойынының классификациясы.
		17	Мектеп жасына дейінгі ойын түрлері және ойынды ұйымдастыру
		18	Ойыншықтар.
05	Балабақша, отбасы, мектеп	19	Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен және мектеппен өзара байланысы
06	Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үдерісі	20	Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Педагогиканың жалпы негіздері: Педагогикалық қызметтің сипаттамасы. Педагогика ғылым ретінде. Білім берудің заманауи жүйесі. Даму факторлары. Бала – педагогика нысаны. Ерте жастағы бала.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мазмұны мен әдістемесі: Тәрбие берудің мақсаты, заңдылықтары, принциптері, міндеттер. Дене тәрбиесі. Адамгершілік тәрбие механизмі, міндеттері. Ақыл-ой тәрбиесі. Эстетикалық тәрбие. Еңбек тәрбиесі.

Балаларға тәрбие беру мазмұны мен әдістемесі: Тәрбие берудің мақсаты, заңдылықтары, принциптері, міндеттері. Дене тәрбиесі. Адамгершілік тәрбие механизмі, міндеттері. Ақыл-ой тәрбиесі. Эстетикалық тәрбие. Еңбек тәрбиесі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту: Оқытудың теориялық негіздері.

Оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен түрлері. Оқытудың ұйымдастыру нысандары туралы түсінік. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беруді басқару.

Ойын арқылы балаларды тәрбиелеу: Ойын теориясы. Ойындық қызметтің сипаттамасы.

Балалар ойынының классификациясы. Мектеп жасына дейінгі ойын түрлері және ойынды ұйымдастыру. Ойыншықтар.

Балабақша, отбасы, мектеп: Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен және мектеппен өзара байланысы.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үдерісі: Педагогикалық үдерістің сипаттамасы. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1 - 1,5 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. "Педагог" кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институтының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2022 жылғы 26 шілде № 7 протоколымен бекітілген.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. Жаңартылған нұсқада ҚР Оқу-Ағарту министрінің 14.10.2022 [№ 422](#)
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2014.-304 бет
5. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика.– Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012.-220 бет
6. С.А. Козлова, Т.А.Куликова Мектепке дейінгі педагогика. – Мәскеу: «Академия» баспа орталығы, 2015 ж.